

## Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 қаңтардағы № 22 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 ақпанда № 6824 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 188 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 29.12.2021 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

1) елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Ахметов*